ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

МАҢҒЫСТАУ СЕЛОСЫНЫҢ ӘКІМІ

**ШЕШІМ**

№ 106 «17» 06 2015 жыл

Мұнайлы ауданының әділет басқармасы
Тізілім № 0020633655418 Іркеу ісі № 203:081:3862
Кадастр № 13:203:081:3862 Тіркелген күні 02.07.2015
Тіркеуші (маман) Жасатабаев
Басшы Ж. Жусабаев

**«№ 9 Бәйтерек балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына тұрақты жер пайдалану құқығын беру туралы**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы №442-ІІ Жер кодексінің 19 бабының 1 тармағы, 23 бабының 3 тармағына, 27 бабының 1 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 35 бабының 1 тармағының 6 тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің 2015 жылғы 16 ақпандағы № 25-ОД «Мұнайлы аудандық білім бөлімінің № 9 «Бәйтерек» балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнын құкруға келісім беру туралы бұйрығына Маңғыстау облысы бойынша департаментінің» Мұнайлы аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 27 «Объектіні балансқа бекіту туралы» бұйрығына, 2015 жылғы 28 ақпандағы алу-беру актісіне және «№ 9 Бәйтерек балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының өтінімі бойынша, Маңғыстау селосы әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «№ 9 Бәйтерек балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына Маңғыстау селосы, Маңғыстау-5 тұрғын массивінен 280 орындық балабақшаға қызмет көрсету үшін, жалпы көлемі 1,5141 га жер учаскесіне тұрақты пайдалану құқығы берілсін.

2. «Мұнайлы аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік жер-кадастр құжатына тиісті өзгерістер енгізсін.

3.Маңғыстау селосы әкімінің 2011 жылғы 06 маусымдағы № 84 «Мұнайлы аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесіне балабақша құрылысын жобалау және салу үшін тұрақты жер пайдалану құқығын беру туралы» шешімінің күші жойылсын.

**Әкімнің міндетін атқарушы** **Қ. Утемуратов**